

**Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы**

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 9-7 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 11 қаңтарда № 1876 болып тіркелді. Күші жойылды – Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 31-11 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 06.04.2015 № 31-11 шешімімен (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгерістер енгізілді – Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 20.11.2014 № 28-14 шешімімен.**

**РҚАО ескертпесі:**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

**Ескерту. Мәтініндегі бойынша "ветеринария ұйымдарының" деген сөз " агроөнеркәсіптік кешен" деген сөздермен ауыстырылды және "мемлекеттік денсаулық сақтау" деген сөздер алынып тасталды – Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 20.11.2014 № 28-14 шешімімен.**

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 5 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес, Т.Рысқұлов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек берілсін.

2. "Бір жолғы әлеуметтік көмек беру туралы" Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 12-5 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6-8-75 болып тіркелген, 2009 жылғы 31 қаңтардағы № 9 "Құлан таңы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика,

қаржы, бюджет және өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Жантақбаев Бағдат Болатұлына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Т. Кәпбаев*

*Аудандық мәслихат  
хатшысы  
Б. Шамаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК